




Жеңілдік санаттары

«Сақтандырылған» мәртебесі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің ақпараттық жүйесінен деректер алынған сәттен бастап беріледі



АҚСШ бойынша жұмыс істейтін тұлғалар мен қызметкерлер

«Сақтандырылған» мәртебесі МӘМС жүйесіне жасалған соңғы 12 тұрақты төлемнің негізінде беріледі*



Жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын тұлғалар

«Сақтандырылған» мәртебесі МӘМС жүйесіне жасалған соңғы 12 тұрақты төлемнің негізінде беріледі (2025 жылы ай сайынғы жарна мөлшері – 5 950 теңге)*



Дербес төлеушілер

«Сақтандырылған» мәртебесі МӘМС жүйесіне жасалған соңғы 12 тұрақты төлемнің негізінде беріледі (2025 жылы ай сайынғы жарна мөлшері – 4 250 теңге)



МӘМС жүйесі жарналарды міндетті түрде төлеу қағидатына негізделеді

*Жарналардың толық әрі уақытылы төленуіне бақылауды мемлекеттік кірістер органдары жүзеге асырады



1. Амбулаториялық жағдайлар

- профилактикалық тексерулер (ТМККК-ден басқа);
- мамандардың қабылдауы мен консультациясы, жылжымалы бригаданың үйге келіп қызмет көрсетуі (эпидемиологиялық жағдайларда және оған күдік болғанда);
- созылмалы аурулармен ауыратындарды динамикалық бақылау;
- стоматологиялық көмек (жедел және жоспарлы – жекелеген санаттар үшін);
- зертханалық және аспаптық диагностика;
- бекітілген тізім бойынша процедуралар мен манипуляциялар.



2. Стационарды алмастыратын жағдайлар

- мамандандырылған (оның ішінде жоғары технологиялық) көмек, ГОБМП жағдайларын қоспағанда;
- үй жағдайындағы стационар (эпидемиологиялық жағдайларда және күдік болған кезде).




3. Стационарлық жағдайлар

- жоспарлы көмек (ГОБМП-ны қоспағанда);
- шұғыл көмек, оның ішінде қабылдау бөлімі (ГОБМП-ны қоспағанда).



4. Медициналық оңалту

аурулар тізбесіне сәйкес



5. Патологоанатомиялық диагностика

амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда



6. Донорлық

мүшелер мен тіндерді дайындау, алу, сақтау және тасымалдау



7. Дәрілік қамтамасыз ету

- стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсету кезінде (формулярларға сәйкес);
- амбулаториялық және бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету кезінде жекелеген санаттар үшін (бекітілген тізім бойынша).

2026 жылғы 1 қаңтарға дейін




Шұғыл медициналық көмек



Бастапқы медициналық-санитариялық көмек
(ауруларды диагностикалау және емдеу, профилактикалық қарап-тексерулер, иммундау, салауатты өмір салтын насихаттау)




Мамандандырылған медициналық көмек
(АИТВ мен туберкулездің алдын алу және диагностикалау, шұғыл көмек, әлеуметтік маңызы бар және созылмалы ауруларды диагностикалау және емдеу, жұқпалы ауруларды емдеу, шұғыл және жоспарлы көмек)



Туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық оңалту



Аурулар тізбесіне сәйкес паллиативтік көмек



Медициналық көрсеткіштер болған жағдайда қан препараттарымен қамтамасыз ету



Патологоанатомиялық диагностика, донорларды дайындау және мүшелер мен тіндерді алу, шетелде ем алу немесе шетелдік мамандарды тарту



Медициналық көмек көрсету кезінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету